Алакөл археологиялық экспедициясы 2014 жылдың жазғы зерттеу мауысымында, Алматы облысы, Үшарал ауданы, Көктұма ауылдық округке қарасты аймақтан, Алакөлдің оңтүстігінде Көктұма қаласынан оңтүстікке қарай шамамен алғанда 5 шақырым жерде орналасқан ортағасырлық Қоскеліншек қаласына қазба жұмыстарын жүргізіп, біршама мағлұмат беретін материалдар алынған болатын. Қоскеліншек атауы қалашықтың оңтүстік батысында орналасқан ескерткіштің атауына байланысты қойылды. Жергілікті халық аңызына құлақ түрсек, Найманның Қызай руының бір байының екі жары болған-мыс. Байдың бір жарынан ұрпағы бар, екіншісінен жоқ болған. Жалғыз бала екі ананың арасында тең болып өседі. Бірде, жергілікті Жаманты өзені арнасынан тасып ағып жатқан кезінде, жас бала суға кетеді. Баланы құтқарамыз деп екі келіншек те суға батып, қайтыс болған. Кейінірек ел жиналып, қазіргі біздің зерттеу нысанымызға айналып отырған қалашықтың оңтүстік батыс шетіндегі төбеге тастан қалап ескерткіш кесене орнатады. Кейін келе, кесене құлап жойылған. Орнында тек ірі жақпар тастардан үйілген үлкен екі үйілген тастар қалған. Жергілікті халықтың айтуынша, бірсыпыра адамдар келіп, кесене орналасқан жерге келіп құран бағыштап кетіп жатады. Қоскеліншек қаласының географиялық координаттары С.45є49›43.13»; Ш. 81є35›16.63», теңіз деңгейінен есептегендегі биіктігі 556 м. Қаланың жалпы пішіні шаршы тәріздес. Орналасу реті, қаланың төрт бұрышы дүниенің төрт бұрышына қарап тұрғандай. Шығыс қабырғасының ұзындығы 83 м, солтүстік қабырғасының ұзындығы 78 м, оңтүстігі 76 м, батыс қабырғасын, кейінгі жылдары жергілікті халық егін суғару үшін канал қазған сәтінде бұзып жіберген. Жалпы жергілікті антропогендік әсер қаланың қабырғасын ғана емес, қала ішіне де зиян тигізген. Барлау жұмыстары барысында анықтағанымыздай, арнайы жарықтардың ізіне қарап, қаланың ортасына егін салғанын анықтадық. Сондықтан, біздің зерттеу жұмыстарымыз негізінен қаланың солтүстік және оңтүстік қабырғасына жанастырыла салынды. Енді бір қазба қаланың батыс қабырғасының бұзылған жеріне салынды. Жалпы Қоскеліншек қаласы біз бұған дейін зерттеген Асусай қаласымен өзара ұқсастықтары көп болып шықты [15, 154-166 бб.]. Қоскеліншек қаласынан түсірілген 3 қазба орны мен кесіктен шыққан материалдардың денін қыш бұйым сынықтары, құрылыс кірпіштері, шаруашыылықта пайдаланған диірмен тас сынықтары және ошақ бөліктері құрайды (Сурет 3, 4, 5).

2015 жылғы зерттеу мауысымында негізгі қазба жұмыстары Жайпақ І қаласына жүргізілді. Жайпақ І қаласы, Жайпақ ІІ қаласынан бірнеше есе үлкен. Жайпақ І қаласының жалпы пішіні трапеция тәріздес. Қаланың географиялық координаттары С.45є59’44.19»; Ш. 81є11’34.20». Жайпақ қаласы Үшарал ауданы, Жайпақ ауылынан оңтүстік батысқа қарай 6 шақырым жерде орналасқан. Жайпақ қаласының сыртқы қоршау қабырғасының орналасу реті мен ерекшеліктері, нақтырақ айтсақ, батыс қабырғаның орта тұсы сыртына қарай сүйірлене шығып барып, ауызы ашық күйінде қалуына қарап, қала қақпасы батысқа карауы мүмкін деп болжаймыз. сыртқы дуалының құландысының биіктігі 1,5-2 м шамасында. Құлаған қабырғасының жайылған топырағы 8-9 метрден бастап, кей жерлерінде 22 метрге дейін жайылған [17, 18-27 бб.]. Қаланы зерттеу нәтижесінде өте көп мөлшерде керамикалық бұйымдар шығып, олардың барылығының дерік ғылыми сипаттамасы жасалды.

2016 жылғы зерттеу маусымында Жайпақ І қаласын зерттеу жұмыстары өз жалғасын тапты. 2015 жылы негізінен қаланың ішкі бөлігіне, сонымен қатар қаланың сыртқы қоршау қабырғасына және

жерлеу кешендеріне зерттеу жұмыстары жүргізілсе, 2016 жылы қаланың қорғаныс қамалының сыртындағы шаруашылық аймағына зерттеу жүргізілді. Жалпы Жайпақ қаласының сыртында да қайнаған өмір болған. Себебі, қала қоршауының сыртында әр жерде үйілген төбе болып жатқан жерге шурф салып қарағанымызда, көне ошақ қалдықтарына және қыш бұйым сынықтарына кез болдық. Нәтижесінде қаланың сыртында 3 жерге ірі және орта көлемде қазба жұмыстарын жүргіздік. Шаруашылық аймағындағы мәдени қабат аса тереңде орналаспаған. Қазба барысында бірнеше бөлмелердің орны анықталып, бірнеше тандыр ошақ пен ошақтың қалдықтары анықталды (Сурет 6, 7, 8). Табылған қыш бұйымдар негізінен ас үйлік, асханалық және тұрмыстық-шаруашылық мақсатта пайдаланылған [18, 34-57 бб.].

Біздің тарапымыздан зерттелген қалалардың мерзімделу мәселесі қазіргі таңдағы басы ашық дүние екендігі белгілі. Жалпы Жетісудың солтсүтік шығысы, Алакөл ойпаты мен Жоңғар қақпасымен көршілес аймақтардан табылған қалаларды зерттеген басқа да ғалымдар, қалаларды мерзімдеуді қыш бұйымдар негізінде жасауға тырысқан.

Мәселен, 1957 жылы Жетісу археологиялық экспедициясы Алакөл ойпатындағы тарихи ескерткіштерге зерттеу жүргізіп, Алакөлдің жағасындағы ортағасырлық қала туралы мәліметтер қалдырғанын жоғарыда айттық. Онда, қаланың көп бөлігінң суға кеткені және көлдің жағасында керамикалық бұйымдардың ашылып жатқанын айта келе, жер бетінен жинап алынған материалдарға сипаттама береді. Табылған бұйымдардың дені қыштан жасалған заттар (хұмдар, қос құлақты құмыралар, батырып та, қалыптап та өрнектеген тақталар). Бұлар б.з. IX-XI ғасырлармен мерзімдеген.

Алакөл ойпатында орналасқан ортағасырлық қалаларды зерттеп, бірнеше қалаларға жекелей тоқтала келе, олардың мерзімделуіне қатысты пікірін білдірген ғалымдардың бірі Г.А. Кушаев. Г.А.Кушаев өзі тарапынан жүргізілген зерттеулер нәтижесінде табылған ортағасырлық қалаларға да тоқталған. Оның біріншісі, шартты түрде «Қара бұлақ» деп аталған қала. Аталған нысан Текелі тауының солтүстігіне жақын орналасқан, Орамлы қыстауынан солтүстікке қарай, Тентек өзенінің сол жақ жағалауында Үшарал қаласынан оңтүстікке қарай 3-4 шақырым жерде орналасқан деп көрсетеді. Қарабұлақ қалашығының керамикаларын шамамен XI-XIII ғғ жатқызады. Сонымен қатар Үшарал маңында орналасқан ортағасырлық қала мен Алакөл маңындағы бүгінде су шайып жоғалған қалалардың қыш бұйымдарын талдау барысында, Жетісудың солтүстік шығысында орналасқан бірнеше қалалар, оның ішінде Антновка (Қойлық), Дүнгене және т.б. қалалардың керамикаларымен ұқсастырып, жоғарыда мерзімді яғни XI-XIII ғасырлармен кезеңдестірген.

Аталған өлкеге іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізген К.М.Байпақов Антоновка, Дүнгене, Сүмбе, Жақсылық, Шелек және Талғар қалаларын зерттеу негізінде екі түрлі пікірді алға тартады. Оның бірінші ғалымның 60-шы жылдары жүргізген зерттеулері нәтижесінде айтылған пікір. Ол аталған қалалардың керамикалық бұйымдарын екі кезеңмен мерзімдеп көрсеткен:

1) IX-X ғасырларға тән қыш бұйымдар.

2) XI-XIII ғасырларға тән қыш бұйымдар. Бұл пікір кейін зерттеу ауқымының кеңейтілуі нәтижесінде тағы да толықтырылады. Кейінгі зерттеулерінде керамикалық бұйымдарды үш кезеңмен топтаған:

1) VIII ғасырдың аяғы мен X ғасырдың басы;

2) Xғасырдың басы мен XIII ғасыр

3) XIII ғасырдың басы мен XIV ғасырдың басы. Бұл мерзімдеулерге негіз болған қалалар: Үзген 2, Үзген 3, Талғар, Жақсылық, Лавар, Шелек, Қойлық. Аталған қалалардың керамикалық бұйымарын Оңтүстік Қазақстандағы ортағасырлық қалалар мен Жетісу өлкесінде Шу-Талас өңірінің ортағасырлық қалаларының, сонымен қатар ішінара Пенжикент, Ферғана өңірлеріндегі ортағасырлық қалалардың керамикаларымен ұқсастықтары бар екенідігін анықтаған.

Біздің тарапымыздан зерттелген ортағасырлық Асусай, Қоскеліншек, Жайпақ және Ақши қалаларынан табылған қыш бұйымдардың жасалу ерекшеліктер мен кейбір ұқсастықтары негізінде б.з. IX-XII ғасырлар аралығында болуы мүмкін деп болжаймыз.

Аталған қалалардың маңынан бірнеше жерлеу кешендері де зерттеуге түскен болатын. Нәтижесінде бірнеше ортағасырлық кесенеге археологиялық зерттеу жүргіздік. Бұл зерттеулер аталған қалалардың жасын анықтаумен қатар, сол кезеңдегі осы аймақтың тұрғындарының жерлеу ғұрыптарын, салт-жоралғыларын, дүниетанымын анықтап, мәдени генезисі мен байланыстарын қайта жаңғырту ісінде зор көмегі болатынын атап өткіміз келеді.

2015 жылғы зерттеу маусымында, Жайпақ I қаласының солтүстік шығыс бөлігінде, қаладан шамамен 200 м жерде ортағасырлық кесене орны зерттелген болатын. Кесененің жерлеу ғұрыптары

қала жасын анықтауда біршама жақсы мәліметтер бере алады деп тұжырымдаймыз. Себебі басқа Асу-сай, Қоскеліншек қаласынан шыққан кесенелердің жерлеу ғұрыптары бір-бірінен аса үлкен айырма-шалықтары болған болса, Жайпақ қаласынан шыққан кесенедегі жерлеу ғұрпы алғашқыларға мүлдем ұқсамайды.

Бастапқыда жай топырақ үйіндісі ретінде көрінген төбешікті қазу барысында, төбешіктің солтүстік, оңтүстік және батыс бөліктерінен шаршы тәріздес тау тасымен қаланған кесененің іргетасы байқалды. Кесененің беткі қабаты алынғаннан кейін ғана, кесененің негізгі пішіні мен нақты өлшемдерге тән нобайы белгілі бола бастады. Қазба барысында анықталғандай, Жайпақ кесенесінің қас беті шығысқа қаратылған. Бұлай деуіміздің себебі, кесененің солтүстік, батыс, оңтүстік жағы тау тасымен ені 1 метрге дейін, бір қатар етіп ірге тас қаланған. Ал, шығыс жағының ірге тасының орнына екі қатар етіп қаланған күйдірілген кірпіш шықты. Кесененің қас беті яғни шығыс бетіне қаланған кірпіш іргесінің ұзындығы 10 метрді құрайды. Кесененің ірге тасынан есептегенде, солтүстік қабырғасының ұзындығы 12,5 метр, оңтүстік қабырғасының ұзындығы 12 метр, ал батыс қабырғасының ұзындығы 14,3 метр, шығыс қабырғасының ұзындығы 14 метрді құрады.

Кесененің ірге тасын анықтап қарау, талдау-салыстыру жұмыстары барысында, тау тасы екендігі анықталып отыр. Біздің ойымызша кесененің ірге тасына пайдаланылған тау тастары Жайпақ қаласынан 7-9 шақырым жерде орналасқан тау сілемдерінен алып келген. Кесененің өзі ауылдық округке қатысты егін алқабының қақ ортасында орналасқан. Қазба барысында байқағанымыз, кесененің ірге тастары, оның ішінде ең ірі деген бірнеше тас орнынан күштеп қозғалған. Сонымен қатар, сол ірі тастардың түбінен қатты топыраққа қадалған 3 дана соқа тістері шықты. Шамасы жергілікті халық кесененің үстін топырақ жауып жатқандықтан, жай төбелердің бірі деп ойлап, үстінен соқа тіркелген техникамен жыртуға тырысқаны анық. Ескерте кететін жай, топырақ қабатын алу барысында, күйдірілген құрылыс кірпіштері көптеп кездескен болатын. Ең қызықтысы, құрылыс кірпіштерінің арасында өсімдік, құс және ╬ бейнесіндегі бедерлері бар екені анықталды.

Кесене ірге тасының сыртқы және ішкі контурлары толық аршылып болғаннан кейін, кесененің орталық алаңын тазалау барысында екі жерлеу орнының өзіне тән бедерлері шықты. Жерлеу орындары кесененің ортасына жақын, оңтүстіктен сотүстікке қарай созылып орналастырылған. Алдымен төрдегі яғни кесененің батыс бөлігінде орналасқан, көлемі ұзындығына орай аздап үлкендеу келген жерлеу орнын қазудан бастады. Жер бетінен төмен қарай 90 см тереңдікке жеткен кезде, жерлеу шұңқырынан шикі кірпіштермен тік төртбұрыш етіп қаланған табыт шықты. Табыттың қабырғасын құрап отырған шикі кірпіштердің бетінен ағаш үнтақтары (ағаш тақтай болуы да мүмкін) және табыттың төрт бұрышынан темір қапсырмаға бекітілген шегелер шықты. Шегелер қапсырмаларымен бірге есептегенде, 7 шеге, 11 қапсырма. Шегелердің ішінде ең ұзыны 10-12 см аралығында ауытқыса, ең қысқалары 8-10 см аралығында. Шегелердің жуан жағының басы қайтарылып, доғалданып, түйілген. Ал екіні үшы төрт жағынан ұрғылау әдісімен сүйірлей отырып үшкірлеген. Кейбір шегелер қапсырмаға бекітілген күйі шықты.

Кірпіш табытты әрмен қарай тағы 25-30 см қазу барасында, адам қаңқасы біліне бастады. Қаңқа басы солтүстікке беріліп, басы болар-болмас батысқа бұрылған, қолдары шынтағынан кеудесіне қарай бүгілген қалыпта, ал аяқтары түзу ретпен орналастырылған. Ең қызығы қаңқаны тазалау барысында топырақпен араласып ағаш көрмірі де шыға бастауы. Қаңқаны толық тазалап болғанда, мәйітті жерлеу сәтінде астына ағаш көмірін төсегені анықталды. №1 жерлеу шұңқырындағы кірпіш табыттың бетін жапқан ағашы шіріп құлап, қаңқаның бас сүйегін сындырған.

Аталған жерлеу шұңқырының шығысында 95-100 см жерден екінші жерлеу орны білінгенін жоғарыда айтқан болатынбыз. Жерлеу орнын жер бетінен 65-65 см тереңдікке түскен кезде, қаңқаның бетін жапқан ағаш тақтайлар шыға бастады. Жерлеу шұңқырының төрт бұрышынан да, №1 жерлеу шұңқырындағыдай шегелер мен қапсырмалар шықты. Шегелердің жалпы саны 14 дана. Ішінара кейбіреулері қапсырмалармен бірге. Бірақ жерлеу шұңқырынан шикі кірпіштен өрілген табыт шыққан жоқ. Жерлеу шұңқырын әрмен қарай қазу барысында, солтүстік жағынан шамамен 80-90 см тереңдіктен кейін қаңқаның бас сүйегі біліне бастады. Нәтижесінде қаңқаны толық ашқанымызда келесідей бейнеге куә болдық. Біріншіден, №2 жерлеу шұңқыры бірінші жерлеу шұңқырына қарағанда аса ұзын емес, бірақ енділеу болып шықты. Екіншіден, қаңқаның астына бірінші жерлеу шұңқырындағыдай ағаш көмірін қалың етіп төсеген. Үшіншіден, №2 жерлеу шұңқырындағы қаңқа басы солтүстікке қаратып жерленген, беті батысқа қарай бұрылған. Төртіншіден, қолдары кеудесіне келгенде айқастырылған. Бесіншіден, қаңқа өте нашар сақталған, себебі қаңқаның жамбас сүйегінен төмен қарай тек оң аяқтың

ғана жүрнағы қалған, ал сол аяғы жерлеу кезінде-ақ болмаған секілді. Алтыншыдан, кірпіштен табыт жасалмаған, жерлеу шұңқырын қазған кезде, мәйітті жатқызатын шұңқырдың еденінен 50-60 см биікте шұңқырдың айналасын 10-15 см кеңейткен (Сурет 5,6,7). Бұл мәйіттің бетін жабатын ағашты немес тақтайды орналастыру үшін жасалған болуы мүмкін (Сурет 9, 10).

*Жайпақ кесенесінің сыртқы құрылымына талдау.* Ірге тастар негізінде. Жалпы Алакөл аймағындағы кесенелерді зерттеу барысында байқағанымыз, кесенелердің іргесі өте жалпақ болып қалануы. Әдетте аса үлкен емес құрылыстардың іргесінің ені де кішірек болатыны айқын. Бірақ Асусай, Қоскеліншек, Жайпақ қалаларын қазу барысында, үй-жай құрылыстарының іргесі аса үлкен болмағанымен, кесенелердің іргесінің енділеу болып келуімен ерекшеленеді. Жалпы ерте ортағасырлар мен ортағасырларға тән кесенелер, олардың құрылысы ерекшеліктері жайында отандық археологиядадағы зерттеулер аса көп емес. Зерттеулердің көбі кесенедегі жерлеу орнына көбірек көңіл бөлуме шектеледі. Алакөл аймағының ортағасырлық тарихына қатысты, бірден-бір зерттеу жұмысы болып табылатын Қойлық қаласына жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында, бірнеше ортағасырлық кесенелердің зерттелгені белгілі. Бірақ ондағы кесенелердің ірге тастарының өлшемдері жайында деректер айтылмаған [19].

*Кесене есігінің шығыс қаратылу мәселесі хақында.* Жалпы Шығыс ұғымы Исламға дейін еліміздің барлық аудандарында халыққа арасында киелі ұғым қатарында болғаны анық. Оның ішінде жерлеу орындарыиның шығысқа қаратылуы да халық дүниетанымымен тікелей астасатыны анық. Біз қызығы Асусай, Қоскеліншек, Жайпақ кесенелерінің барлығы дерлік шығысқа қаратылған.

Кесененің құрылыс кірпіштері мен өрнекті (бедерлі) кірпіштері. Саз балшықты қалыпқа салып, кепкеннен кейін: жоғары температурада күйдіріп, түрлі құрылыстарға: кірпіш, бедерлі кірпіш, тақта, бедерлі қаптауыш тақталар, құбырлар ретінде пайдаланатыны анық. Қыш кірпіштер Жетісу жеріндегі ортағасырлық қалалар мен мекендерде кеңінен таралған. Оның пайда болып, таралуы туралы талас пікірлер көп. Біршама ғалымдардың пікірінше, қыш кірпіштердің құрылыста көп қолданылуы, одан қоғамдық ғимараттардың салынуы қарахан дәуіріне сәйкес келеді. Қыш кірпіштен көркемдеп тұрғызылған Орта Азиядағы ең ежелгі сәулет ескерткіші – Исмаил Самани кесенесі. Кесене X ғ. мерзімделген [20, 149-150 бб.]. Шу-Талас өңіріндегі алғашқы сәулеттік және қоғамдық ескерткіштердің салыну уақыты XI-XII ғғ. сай келеді. Олар: Бабаджа қатын (XI ғ.), Айша бибі (XII ғ.) [21, 75-82 бб.], Тараздан (XI-XII ғғ.) және Ақтөбе қаласына ашылған монша (XI-XII ғғ.) [22, с. 7-11], сонымен қоса, 2009 жылы Ақтөбе қаласынан ашылған мұнараның іргетасы (XI-XII ғғ.). [23, 40-49 бб.]. 766 ж. Шу мен Талас өңірлері қарлұқтардың қарамағына өткенде Шаш және Соғдымен тығыз қарым-қатынас орнатқан өзіндік экономикасы мен мәдениеті бар жеке ауданға айналды. Бұл өз кезегінде Жетісудың солтүстік шығысына әсерін тигізбей қойған жоқ. Қарахандарға шолу жасауда көпшілік зерттеушілердің пікірі бойынша ерте исламдық құрылыстар көбіне ағаш пен қам кірпіштен салынды, ал қыш кірпіштен және кірпіштен өрмелеп өріліп салынған құрылыстар IX–X ғғ. таралып [24], сәулеттік идея, оның әдіс-тәсілі, мәнері мен сәндік пішіні жетілдірілді. Жайпақ кесенесін қазу барысында, бірінші қабатты алу сәтінде бірнеше өректі кірпіш сынықтары кездесті. Кесенені толық аршу барысында өрнекті кірпіштер саны онға дейін жетті. Оның ішінде бірнешеуінің өрнектері бұған дейін Асусай зратындағы кесенені қазу барысында кездескен өрнекті кірпіштермен өте ұқсас (Сурет 11, 12, 13). Жайпақ кесенесінің кірпіштеріне түсірілген бедерлердің ішінде ең қызықтысы жануарлар мен құстардың бейненленуі. Жайпақ кесенесінен табылған бедерлі, бәдізделген кірпіштердің барлығы сапалы күйдірілген. Бедерлі кірпіштердің саны 8 дана.

*Бірінші,* бедерлі кірпіште аңның белінен бастап артқы жағы бейнеленген. Құйрығы ұзын келген, созылып барып, басы жайыла түсіп, арқасын жауып тұр. Аяқтары бастапқыда тұяққа ұқсағанымен, анықтап қарасаңыз, тырнағы бар жыртқыш аңға көбірек ұқсайды.

*Екінші,* кірпішке белгілі бір композиция бейнеленген. Екі құс бір біріне қарама-қарсы орнатылған, ортасында жоғарғы жағы қазақтың қошқармүйіз оюына көбірек ұқсайтын, бірақ орта тұсында белінен сызылған крест белгісі бар бедер. Құстардың кескінделуіне назар аударып қарасаңыз, әтешке көбірек ұқсайды. Себебі, құстың басынада айдар бар, құйрығы тауықтың құйрығындай арқасына қайтарылған.

*Үшінші,* бедер кірпіштің оң жақ қапталына түсірілген. Кірпіште кескінделген бедер құсқа, оның ішінде жоғарыда айтылғандай қораз емес, көгершінге (мүмкін қарлығаш) көбірек ұқсайды. Себебі, басы дөңестеліп барып, арқасы томпайып келіп, құйрығы екі айырға ұқсап аяқталған. Құстың алдында дөңестелген тағы бір бедер болар болмас көрінеді. Бірақ өкінішке орай кірпіштің жартысы сынып жоғалғандықтан, нақты қандай бейне екндігін айта алмаймыз.

*Төртінші,* бедер біздің ойымызша аңның артқы аяқ жағы болуы мүмкін. Толық сақталмағандықтан, кесіп айту қиын.

*Бесінші,* кірпіштің бір шеті ғана сақталған. Бедер бір шетінде. Төменгі жағында қандай бейне кескінделгенін анықтай алмадық. Бірақ сақталған бедер, жоғарыда екінші сипатталған бедердегі оюға ұқсайды. Бірақ ол кірпіште ою ортасында бедерленсе, мұнда керісінше кірпіштін бір шетіне ғана бедерленген. Ою кейде торсыққа да ұқсайтын секілді.

*Алтыншы,* ұзын келген сәндік кірпіш. Кесенені сәндеу мақсатында арнайы қалыпқа құйылған секілді. Саздың кеппей тұрған кезінде, қатты затпен тілгілеп, Х бедерін түсірген. Мұндай бедер Асусай зиратындағы кесенеден табылғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Х бедерлі ұзын сәндік кірпіштің саны 2 дана.

*Жетінші,* жоғарыда сипатталғандай, тек бір шетінде ғана Х бейнесі бар сәндік кірпіш. Бірақ кірпіш ұзын және тік келген емес, Г әрпі тәріздес келгендігімен ерекшеленеді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Жайпақ кесенесінде қатар орналасқан екі жерлеу орны шыққанын айтқан болатынбыз. Орта ғасырлық кесенелерге екі кейде одан да көп адам жерлей беретінін, бұрынғы Асусай кесенесіне жүргізілген зерттеулерден белгілі. Бұл өңірде ғана емес, кесенеге бірнеше адам жерлеу, біз жоғарыда мысалға келтірген Қойлық қаласының кесенесінде, Сыр бойындағы Сығанақ қаласы маңындағы кесенелерден де байқалған. Сығанақ қаласының кесенесін қазу барысында, 8 жерлеу орнының кесенеде орналасқаны анықталған болатын [15, 52 б.]. Екі жерлеу орындарындағы қаңқалардың бастары солтүстікке беріліп, беттері батысқа бұрылған. Жерлеу ғұрпында адамдардың бір бағытқа бағытталы көне заман тұрғындарының дүниетанымында ерекше мәнге ие болғаны анық. Жалпы мәйіттің жерлену сәтіндегі қалпының нақты семантикасы әлі күнге дейін ғалымдар арасында талас тудырып отырған мәселелердің бірі.

Жоғарда келтірілген мәліметтер, Алакөл аймағының ортағасырлық қала мәдениетінің өзіндік дамып жетілу циклдерін бастан өткергендігін дәлелдейді. Зерттеу барысында табылған қалалардың бір тармақта тізбектеле орналасуы, Халықаралық сауда жолымен қандай да бір байланыста болғанын айғақтай түседі. Ұлы Жібек жолымен байланыста болуының тағы дәлелі, аталған қалалардан көп мөлшерде ас үйлік және асханалық ыдыстар мен тандыр ошақтардың өте көп кездесуі. Әрине кезкелген ортағасырлық қаладан аталған бұйымдар мол шығатыны жасырын емес, бірақ бір бөлмеден онға жуық тандыр ошақтардың кездесуі, аталған қалада арнайы наубайхана жұмыс істегенін дәлелдей түсетін секілді. Біздің ойымызша атлған қалалар сауда жолындаға уақытша тоқтайтын керуен сарайлар ролін де атқаруы мүмкін. Сонымен қатар, қалалардың орналасу реті де, белгілі бір қашықтықта негізделген. Үшарал маңындағы қаладан келесі Жайпақ қаласына дейін 25-30 шақырым, Жайпақ пен Асусай қаласына дейінгі ара қашықтық, егер тура тартсақ 27 шақырым, Асусай мен Қоскелiншек қалаларының арасы 30 шақырымға жуық. Қоскеліншектен келесі тау іргесінде қалашыққа дейін де 25-30 шақырым жол бар. Тіпті XIII ғасырдың өзінде В.Рубрук өз жазбасында «Қойлық қаласынан 3-4 лье жерде келесі мекенге келдік» - деп жазады. Лье деп отырғанымыз, француздың көне өлшемі, қазіргі өлшеммен алсақ, 1 лье – 4,5-5 шақырым болады. Яғни Рубрук екі мекеннің арасын ары кеткенде 15-20 шақырымға теңеген. Қойлықтан бер орналасқан ортағасырлық қалалар Г.Кушаевтың да зерттеулерінде аталып, аралықтары осы өлшемдерге сәйкес берілетінін байқадық. Бұл өлшемдер сол кездегі түйе жүрісінде негізделген болуы да мүмкін. Яғни біздің зерттеу нысанымызға айналып отырған қалалар континент аралық сауда жолына қатысы бар екені анық. Бірақ бұл пікірімізді табылған қалалардың барлығына қатысты деп айта алмаймыз. Себебі Асусай, Ақши секілді қалалардың көлемі кішкене және өмір сүру уақыты да аса ұзақ емес, керісінше Жайпақ, Қоскеліншек қалалары біздің жоғарыдағы пікірімізді қуаттай түседі.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Бартольд В.В. Сочинения. (Работы по источниковедению) - Москва: «Наука» Т.VIII 1963.– 725 стр
2. Кумеков Б.Е. Государство Кимаков IX-XI вв по арабским источникам - Алма-Ата: 1972. - 158 б.
3. Ибн Хордадбек. Книга путей и стран. Перевод с арабского комментарий, исследование, указатели и карты Н. Велихановой. – Баку: Элм, 1986. – 428 стр.
4. Байпаков К.М., Савельева Т.В., Чанг К., Средневекоые города и поселения Северо-Восточного Жетысу – Алматы: - 2005. – 188 стр
5. Байпаков К. Великий Шелковый путь – Алматы: - 2007. – 496 стр.
6. Жиованни дель Плано Карпини, Гильом де Рубрук. Моңғолдардың тарихы және Шығыс бағытқа саяхатым – Алматы: 2012. – 264 б.

7. Байпақов К., Сейдуманов С.Т., Савельева Т.В., Воякин Д.А., Әуезов Е.К. Орта ғасырлардағы Жетісу өлкесінің астаналары – Алматы: 2009. – 320 бет.

8. Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. – Алматы: 2002. - 292 б.

9. Бартольд В.В. Сочинения том I. Москва 1963. – 763 стр.

10. Ахметов К. Көктұма. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Т – 4. – Ж-К. – Алматы: 2002. – 718 стр.

11. Байпаков К.М. Раннесредневековые города и поселение северо-восточного Семиречья. Новое в археологии Казахстана. Алма-Ата. 1968г.

12. Байпаков К.М. Раннесредневековые города и поселение Семиречья. «Известия АН КазССР», серия общественная. 1966, №2, стр.

13. Кушаев Г.А. Очерки древней истории Семиречья. Раздель 2. Памятники Ала-кульской впадины и долины реки Лепсы. Алма-Ата – Уральск. 1968.

14. Байпаков К.М. Средневековые города Прибалхашья. Сборник материалов Международный экологический форум «Балхаш-2000» (по проблемам устоичиво развытие Или-балхашского бассейна). Выпуск 1. 16-18 ноября, Алматы. 2000 г.

15. Төлеубаев Ә.Т., Талеев Д.Ә., Омаров Ғ.Қ., Шагирбаев М.С. Асусай қалашығында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары // Известия НАН РК 2014 Қыркүйек-Қазан.

16. Шагирбаев М.С. Ерте ортағасырлық Асусай қалашығының қыш ыдыстары // Қазақ Ұлттық Университетінің Хабаршысы 2013ж. № 4 (71).

17. Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шағырбаев М.С. Жайпақ қаласында 2015 жылы жүргізілген қазба жұмыстарының кейбір нәтижелері мен қортындылары. «Қазіргі жоғарғы білім жүйесіндегі археология, этнология және музейтану» атты. «VIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. 1-2 сәуір 2016 жыл.

18. Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шағырбаев М.С. Жоңғар қақпасы бойындағы ортағасырлық қала мәдениеті // «Алматының мың жылдық тарихы: археология және жазба деректері»: атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы / А.Әубәкір, А. Нұрмұхан. – Алматы: «Орхон» Баспа үйі., 2016. – 160 бет.

19. Байпаков К.М., Воякин Д.А., Средневековый город Каялык: на казахском, русском и англиском языках. – Алматы, 2007. 224 С., ил.

20. Засыпкин Б. Памятники архитектуры Средней Азии и их реставрация // Вопросы реставрации. – М. 1926. – Т. I. – С. 137-178.

21. Бернштам А.Н. Архитектурные памятники // Труды Семиреченской археологической экспедиции (1936-1938 гг.). Таласская долина. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1949. – С.75-81.

22. Розина Л.Г. Баня древнего Тараза // Труды Семиреченской археологической экспедиции (1936-1938 гг.). Таласская долина. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1949. – С. 40-49.

23. Шәлекенов У.Х., Ақымбек Е.Ш., Байбугунов Б.А. Ортағасырлық Ақтөбе (Баласағұн) қаласында 2009 жылы жүргізілген археологиялық зерттеулердің ғылыми есебі // ҚР БҒМ ҒК Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты мұрағаты. –Алматы, 2010.

24. Веймарн Б.В. Искусство Средней Азии. –М.-Л., 1940. – 191 с.

**Төлеубаев Ә.Т., Жуматаев Р.С.,**
**Шагирбаев М.С.**

## ШІЛІКТІ ҚОРЫМЫНДА 2016 Ж. ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

(бастапқы хабарлама)

Соңғы жылдары темір дәуіріне қатысты ескерткіштерді археологиялық зерттеу жұмыстары тарихи жәдігерлердің жинақталуын ғана емес, тарихи-мәдени құндылықтарды жинақтап, қорыту және насихаттау жұмыстарын да дамытты. Бұл мәселені Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен жүргізілген «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы ерекше алға дамытқаны белгілі. Аталған бағдарламаның түпкі мақсаты біздің белгілі археологиялық ескерткіштерді кең ауқымда зерттеу және Отанымыздың өткен тарихын жаңғырту ғана емес, сонымен қатар, оларды сақтау, қайта жаңғырту және тарихи туризмге тиесілі көрнекті материалдарды пайдалану болып табылады.

Шығыс Қазақстан облысы көне ескерткіштеге бай өңір. Зерттелу тарихы ширек ғасырдан асқан Шілікті даласындағы археологиялық ескерткіштер өзінің ірілігімен және шағын ғана аумақта тығыз